

## Біржолғы талондардың құнын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2012 жылғы 05 маусымдағы N 3/33-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 19 маусымда N 5-10-133 тіркелді. Күші жойылды - Жарма аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 8/75-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жарма аудандық мәслихатының 2012.12.21 N 8/75-V шешімімен (2013.01.01 бастып қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы  
» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жарма ауданының базарларының аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Жарма ауданы бойынша қызметтері эпизодтық сипатта болып Қазақстан Республикасы азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Күнделікті бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы» Жарма аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 қазандағы № 15/7-IV шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылдың 25 қарашада № 5-10-90 тіркелген, «Қалба тынысы» газетінде 2009 жылғы 27 қарашадағы № 48 санында жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарма

аудандық

мәслихатының

2012

жылғы

5

маусымдағы

№ 3/33-V шешіміне 1 қосымша

**Жарма ауданының базарларының аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны**

№	Кәсіпкерліктің түрі	Бір жолғы талонның құны, теңге
1	Ет 1 орын	534
2	Азық-түлік тауарлары	421
3	Өнеркәсіп тауарлары	275
4	Күнбағыс майы	243
5	Көкенис пен жеміс (4 ш/м)	275
6	Балмұздақ (1 тоназытқыш)	210

Жарма

аудандық

мәслихатының

2012

жылғы

5

маусымдағы

№ 3/33-V шешіміне 2 қосымша

**Жарма ауданы бойынша қызметтері эпизодтық сипатта болып Қазақстан Республикасы азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талондардың құны**

№	Кәсіпкерліктің түрі	Бір жолғы талонның құны, теңге
1	Сату (стационарлық үй-жайларда жүзеге асыратын қызметтерді қоспағанда)	
1.1	Тұқым сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет)	81
1.2	Бақша дақылдарын сату	340
1.3	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері	162
1.4	Жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп	809
1.5	Сыпыртқылар, сыпырғылар	81
1.6	Орман жеміс-жидектері, бал, саңырауқұлақтар	81
1.7	Балық	243

2	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері	243
3	Үй жануарлары мен құстарын бағу	162

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК